

Жер салығының ставкалары туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 77/12 шешімі. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 сәуірде N 59 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 2013 жылғы 21 қарашадағы N 93/23 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық мәслихатының 21.11.2013 N 93/23 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 387 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес аудандық Мәслихат

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. Салық кодексінің 378, 379, 381, 383 баптарында белгіленген жер салығының базалық ставкаларын 50 пайызға көбейту жерлердің келесі санаттары б о й ы н ш а б е к і т і л с і н :

- 1) ауыл шаруашылық жерлері;
- 2) жеке тұлғаларға берілген ауыл шаруашылық жерлері;
- 3) елді мекендердің жерлері (үй жанындағы жер учаскелерін қоспағанда);
- 4) елді мекендердің жерлерінде орналаспаған өнеркәсіп жерлері.

2. Аудандық Мәслихаттың 2005 жылғы 16 наурыздағы "Жерге салынатын негізгі салықтар ставкасына түзету енгізу туралы" N 7/13 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3006 нөмірмен тіркелген, "Ауыл тынысы" газетінде 2005 жылғы 30 сәуірде жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п е с е п т е л с і н .

3. Аудандық Мәслихаттың 2009 жылғы 30 қаңтардағы "Жерге арналып бекітілген базалық салық ставкаларының түзетілген коэффициенттері туралы" N 65/11 ш е ш і м і н і ң к ү ш і ж о й ы л с ы н .

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

Н. Сматеева
Т. Мұқанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК